

Сабақтың сәтті өтуі сабақтың жоспарының дұрыс құрылуына байланысты екені белгілі. Сондықтан сабақтың мақсатын қойғанда, оның білімділік, дамытушылық және тәрбиелік жағына аса мән беріліп, дұрыс қойылуы тиіс. Сабақтағы мәтін мен жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуінің маңызы зор. Пәнаралық байланыс, сабақтың өмірмен байланыстылығына мән беру қажет. Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын молайту - әр сабақтың міндеті.

Өзге тілді мектептерге арналған бүгінгі қолданыстағы қазақ тілі оқулықтары жалпы педагогикалық парадигмаға сай когнитивтік яғни танымдық сипатта құрылғандықтан оқулықтарда берілетін оқу материалдары қазақ лингвистикасының лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін және қоғамдық- әлеуметтік ортаны, Республиканы, әлемді қоршаған ортаны танытуға бағытталған. Бұл, әрине тілді меңгертуге негіз болғанымен, ауызекі сөйлеуді үйретуде, тілдің коммуникативтік қатынас құралы ретіндегі рөлін кеңейтуде негізгі фактор бола алмайды. Сондықтан ХХІ ғасыр мектебі үшін оның оқулықтарын жаңа тұрғыда жетілдіру үшін жетекші әдіснама ізделінуі тиіс. Тіл үйретуде әлем елдерінде кең қолданылып отырған коммуникативті – функционалдық әдіснама бүгінгі таңда ұтымды деп танылып отыр. Сондай –ақ бұл саладағы жаңа бағыттардың бірі - танымдық әрекетшілдік әдіснама элементтерін қоса қолдану да ескерілуі керек. Бұл бағытта белгілі бір деңгейдегі функционалдық тілдесімді, сөйлесімді үйретуге неғұрлым қолайлы әдіснама ұстана отырып, дәстүрлі когнитивтік т.б. сол сияқты әдіснамаларды жетекші функцияның мақсатына қызмет ететіндей етіп қолдануға мүмкіндік береді деп тұжырымдар тұжырымдауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламалары. Қазақ тілі ( оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 1-11 сыныптарына арналған). – Алматы: Рауан,1994.
- 2 Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Галимова Б., Ильясова Р. Педагогика. – Алматы, 2002.
- 3 Оразбаева Ф. Ускоренное обучение казахскому языку. – Алматы: Білім, 1996.
- 4 Оразбаева Ф. Тілдік қатысым: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2000.

#### **Қазыбек А.Қ.**

Журналистика кафедрасының оқытушысы  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

### **БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Бүгінгі таңда еліміз әлемдік ақпараттық кеңістікке еніп, жер шарының әр түпкірінен жедел хабар алу мүмкіндігіне ие болумен қатар, қоғам өмірінде күнделікті өтіп жатқан оқиғаның бір сәттің ішінде әлемнің түпкір-түпкіріне таралу шапшаңдығына қол жеткізді. Ғылым мен тәжірибеде ақпараттың еркін тасқыны (свободный поток информации) деген ұғым қалыптасып орнықты. Ақпарат көздерінің көп болуы жұртшылықтың кез келген оқиға барысымен тез әрі жан-жақты хабардар болуына ықпал етеді десек те, шет елдің ақпарат агенттіктері болсын, арналары болсын қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарымен бәсекелестік туғызатынын жоққа шығаруға болмайды. Осынау әлемдік бұқаралық ақпарат кеңістігінде жұтылып кетпей, өз үндерін жоғалтпай, уақытпен үндесе жұмыс істеу еліміздің ақпарат құралдарының бірінші кезектегі міндеті. Ол үшін халықтың көкейінде жүрген сұрауларды, оларды толғандырған мәселелерді таныр қырағы көз бен жеткізе білер өткір тіл, тыңдай білер құлақ керек дер едік. Бұл, әрине, еліміздің ақпарат тарату жүйесінде, яғни цифрлық медианың технологиялық жетістіктері қоғамдық шағын сфералардың әртүрлі мәдениеттер мен субмәдениеттерге негізделуіне қатысты мәселелерді қамтиды.

"Төртінші билік" саналатын, тың идеяның және жаңалықтар медиасының қандай болуын анықтайтын идеалды БАҚ, қоғамдық ой-санамызда қазіргі қазақстандық даму

моделінің сараптаушысы ретінде, Қазақстанның жаңа мүмкіндігін жасауға ықпалы бар қоғамдық ой-пікірдің қалыптастырушысы қызметін атқаруға қосар үлесі зор. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық қатынастағы барлық оқиғалардың (өркендеу, даму) мәні мен мазмұнын мәтін (шығарма) арқылы бұқараға жеткізуші әлеуметтік институт ретіндегі мазмұнына әрбір журналистің халықтық педагогика ұғымдарын енгізуінің, педагогикалық шарттарды басшылыққа алу ұстанымына да болжам жасалуда. Бұл ұстаным "салмақты" жаңалықтар медиасы БАҚ-на сүйеніп, бүгінгі күннің сан қилы құбылыстары мен өзгерістерін көрсетумен қатар, ертеңгі, одан әрі болашақпен байланысты да жақсарта түсуді болжаудан көрініс береді. Бүгінде БАҚ оның ішінде телевизия саласындағы өнімдерді тарату жүйесі, ғаламдық телетехнологияның дамуы біздің еліміздегі телевизия саласына да үлкен трансформациялық өзгерістер әкелуде. Өйтсе де, әр мемлекеттің өзіндік ұлттық болмысын, мәдениетін, тыныс-тіршілігін сырт елдерге танытатын өзіндік үні болады. Сол өзіндік үнді танытып, барша жұртшылыққа паш етер негізгі құрал-ұлттық телеарналар. Ұлттық телеарналар тарихи, танымдық, ағартушылық бағыттағы әдеби хабарларды ұйымдастыра отырып, көрермен қауымның ой-өрісінің кеңеюіне, рухани толысуына жол ашады. Сонымен қатар, мәдениетіміз бен рухани өміріміздің сұранысын қанағаттандырып, өзіндік жаңа серпіліс беретін негізгі күш - осы телеарналар екендігі жасырын емес. [1] Ендеше, телеарна - көрермен қауымның рухани сұранысын қанағаттандыратын тәрбиенің бірден-бір қайнар бұлағы, күрделі психологиялық құрал. Кез-келген мемлекеттің телехабары қандай ауанда, қандай бағытта, қай тілде сөйлесе, сол мемлекеттің халқының бүкіл психологиясы, бүкіл жан дүниесі, тіпті мына өмірге, бүкіл қоғамға көзқарасы солай қалыптасады. Отандық телеарналар қай тілде сөйлесе, сол мемлекеттің халқы түп-түгел сол тілде сөйлеуге көшіп кеткенін өздері де байқамай қалады деген ой да айтылуда. Ал, ұлттық құндылық пен адамзат құндылықтарының өзара байланысын толық меңгермеген бұқаралық ақпарат құралдарының әділдікті шындық шегінде көрсете алмай, бұрмалап, шағын топтың пайдасына жарату құрсауында қалуы ықтимал. Сонымен қатар, тек қана бүгінгі күнгі кездейсоқ қиындықтарды жеңудің амалдарын ұсынуға дайын болып, әлдеқалай жетекте қалып, оқиғаны қоғамға жат тым күрделендіріп, мәселені шиеленістіру әсерімен әуес болады. Жалпы, тек қана фактілерді жариялап, әлемдік деңгейдегі ғана ақпарат таратумен шектелсек, журналистиканың қоғамдық және әлеуметтік атқарылымы нақтыланады деп айту теориялық және практикалық әдіснамаға қайшы келеді. Телеарналардағы ақпараттардың берілу форматының болашағы туралы: қазіргі кездегі әлемдік дағдарыстың себеп-салдары; одан шығу жолдары, аяқталуы, жалпы доллардың, еуроның салыстырмалы бағамы немесе жылжымайтын мүліктің бағасы ілгеріде қандай деңгейде болатындығы жайында даму заңдылықтарына сай болжам жасауға мүмкіндік беруі білім мен тәрбие үдерісінің мазмұны мен сапасына тікелей қатысты қалыптасады. Осыған орай туындайтын өзгерістерді әр саланың мамандарымен кездесіп, жете әрі терең сараптауға ықпал жасағанда ғана оның қоғамдық, адамгершілік, ағартушылық, әдептілік, тәрбиелік мәні жабық сақталмай, мазмұны жағынан ерекшеленеді. Қоғамдық білімі жан-жақты журналистер қоғамдық құрылыстың бұрынғымен сәйкестігін, адам дүниетанымының бастауын, адамзат құндылығын сараптай біліп, телеарналардың танымдық, тәрбиелік, ағартушылық ақпарат беру үрдісін берік орнықтырады. Соның нәтижесінде телеарналардың басты қызметі халықты ақпаратпен қамтамасыз ету әрі қоғамдық пікір туғызу болса, республикалық, өңірлік телеарналардың ізденіс кеңістігі мен даму эволюциясын пайымдауға, қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етудің дәстүрлі және заманауи әдіс-тәсілдерін анықтауға, телеарналардың ақпарат таратудағы оперативтілігі және объективтілігіне талдау жасап отыруға, ақпараттар қызметінің шығармашылық ізденісінің шеберлігін анықтауға баса назар аударылу қажет. Әрбір ақпараттың құндылығы - қоғам дамуындағы ілгерілеушілікке бастар жол.

Ақпараттық төңкеріс - технологиялық шығармашылықтың жандануы, жаңалықтар құндылығының артуы болып есептеледі. Ал, жаңалық құндылығы дегеніміз - медиа мамандарының ақпаратты жаңалық ретінде жариялануы қажеттігін анықтайтын

критерилеріне ерекше назар аудара, оның ықпалдылығына, тандылығы мен қажеттілігіне, адамдар қызығушылығын арттыратын рөліне, жаңашылдығы мен өзектілігіне мән беруі. Ол салыстырмалы, үнемі өзгеріп тұрады, жаңалықты бағалау мен оқиғаны құрастырып беруге қажетті үлгі саналады. Осы орайда, жаңалық құндылығы жаңалық мәдениетін қабылдаған журналистер мен медиа мамандардың әлеуметтену деңгейіне қарай зерттеледі және жетіліп тұрады. [2]

Оқиғаны дереу, сол сәтте хабарлау, жаңалық сюжетін жасаған кезде ақпараттың өзіне қажетін алып, басқасын қамтымау, ақпараттың белгілі бір бөлігін ғана алу заманауи дәстүрді қамтиды. Дәстүрлі жаңалық беру процесінде онымен медиа мамандары айналысады, ал цифрлық әлемде аудитория да өзіне керегін тандап, бөліп алып, пікір жазып, бөлісу арқылы гейткипинг жасай алады, яғни жаңалық коммодификациясын жүргізеді. Жаңалық коммодификациясы дегеніміз - жаңалықты таразылауға, саудалайтын тауар ретінде қарау. Ол жаңалықтың жаһандануы мен оны басқару мүмкін еместігін көрсетеді. Ал, жаңалық конверсализациясы кезінде жаңалық тілі күнделікті әңгіме тілімен баяндалады, қоғамдық және жеке әңгіме арасында шекара болмайды; жаңалықтың көбі қоғамға арналса да, басым бөлігі (атап айтқанда, трансляция мен онлайн жаңалықтар) жеке доменде, мысалы, демалыс орнында қолданылады. Постиндустриалды медиа әлемде жаңалық әркез иерархиялық процестің нәтижесі бола бермейді, бірнеше тармаққа бөлініп кетеді, көбіне онлайн гиперсілтемені қамтиды, осылайша жаңалыққа түрлі көзқарас тұрғысынан қарауға болады. Қазіргі таңда, әлем халқының жартысына жуығы, яғни үш миллиардтан астам адам интернетті тұрақты пайдаланады, осы орайда тәулік бойы жаңалық тарату циклі жұмыс жасау қарастырылуда. Мысалы, интернеттегі жаңалықтар дембіл-дембіл жаңарып тұрады және үнемі түзетіледі, мәтіндері үнемі цифрлық фотосуретпен, аудио немесе видео материалмен бірге беріледі. [3]

Сол үшін де, телевизиядан тыс әлеуметтік медианы журналистер көбінесе жаңалықтарды жылдам тарату және аудиториямен байланыс жасау үшін пайдаланады. Интернет дерекқоры арасында көміліп қалған оқиғаларды көрсету үшін пайдаланылатын ақпаратты игеру базасындағы (CAR) ретінде танылған журналистика да өзіндік пайдалылығымен көпшілік назарында. Ал, онлайн ойындар (бұрынғы видео немесе компьютерлік ойындар) - әлемдегі ең табысты медиаиндустрияға айналуға десем қателеспеймін. Бұл жаңалықтардың бәрі жаңашыл медиа мен журналистиканың жеке зерттеуінде, қоғамдық-әлеуметтік қызметінде ақпараттарды іздестіруде, олардың мазмұнын реттеуде, іріктеуде, талғам сұранысы мен олардың танымдық деңгейінде тарату барысындағы сан алуан белгісіздерді зерделеуіне берік тірек болады.

Еліміздің тәуелсіздігімен енген саяси-экономикалық серпіліс, қоғамдық-экономикалық қатынастардың өзгеруі, БАҚ идеясы өзгертіп, мазмұны жаңарса да, мақсаты өзгермек емес, ол – ел қамы, тәуелсіздік абыройын асқақтату, ұлттық мүддені қорғау. «Біздің халық құрғақ, нақты сөзден гөрі көркем сөзді нақтырақ түсінеді, тез қабылдайды. Бүгінгі таңда телеарналар өз позициясын ұстанған, өз төрелігін айта алады. Ол одан қоғамдық тұлғаны тәрбиелеп шығарады» деген еді еліміздегі тұңғыш БАҚ мәселелерін зерттейтін журналистика институтының директоры қызметін атқарған, профессор Намазалы Омашев. [4] Сондықтан да, өз ойы, пікірі, азаматтық ұстанымы бар еліміздің телеарналары өз жоба, бағдарламаларын көрермен назарына ұсынатыны сөзсіз. Әрі отандық медиамыз бен журналистикамыздың жедел дамып, телебағдарламалардың күннен-күнге көбеюі, шетелден келіп жатқан «көшірмелердің» азаюына үлкен серпін бермек деген сенімімізді нығайта түспек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ел телеарналары ақпаратты қалай беріп жүр? «Айқын-TV дидар», 2019 ж.
2. Ж. Бижан. Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар. - Астана: Фолиант, 2013ж. - 208 бет.
3. Медиа және журналистика. Теория мен практикаға жаңа көзқарас. Астана, 2019 ж.
4. Н. Омашев. Ақпарат әлемі. 1-кітап. Алматы: Қазығұрт, - 2016ж.